



**ШЕШІМ**

**26.09.2019**

Нұр-Сұлтан қаласы

**РЕШЕНИЕ**

№ **430/55-VI**

город Нур-Султан

**Нұр-Сұлтан қаласының  
аумағында тіркелген салық  
ставкаларын белгілеу туралы**

«Бюджетке салық және басқа міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 546-бабының 3-тармағына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласы аумағында қызметтерін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкалары белгіленсін.

2. «Астана қаласының аумағында белгіленген салық ставкаларын бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы № 203/31-IV шешімінің күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 571 болып тіркелген, 2009 жылғы 28 сәуірде «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

**Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихатының сессия төрағасы**

 **Қ. Таукен**

**Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихатының хатшысы**

 **Ж. Нұрпейісов**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының  
2019 жылғы 26 қыркүйектегі  
№430/55-VI шешіміне  
қосымша

Нұр-Сұлтан қаласының аумағында белгіленетін  
тіркелген салық ставкалары

Р/с №	Салық салу объектінің атаы	Салық салу объектінің бірлігі	Бір айда белгіленген салықтың ставкалары (айлық есептік көрсеткіш)
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1	12
2.	Біреуден көп ойыншының қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1	18
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1	4
4.	Ойын жолы	1	30
5.	Карт	1	5
6.	Бильярд үстелі	1	12
7.	Уәкілетті ұйымның Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан айырбастау пункті	1	70